



БЕЙНЕЛЕУ ӘРЕКЕТІ БОЙЫНША МАТЕРИАЛДАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ- ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУЫ БОЙЫНША

Нұсқаулық балалардың сурет салуға, мүсіндеуге және жапсыруға арналған материалдармен (қағаз, ермексаз, сазбалшық, бояулар, балауыз борлар, пастель, фломастерлер, желім) жарақаттану жағдайларын болдырмау мақсатында әзірленді.

1. Бейнелеу әрекеті(сурет салу) бойынша жұмыстың алдында арнайы киім кию керек (алжапқыш, жеңқап және т.б.).
2. Тәрбиешінің айтқанын мұқият тыңдап, тапсырманы орындауда қолданатын тәсілдерді көрсетуін қадағалау.
3. Қағазбен жұмыс істегенде қағаздың қырына қолды кесіп алудан, қағаздың ауызға түсіп кетуінен сақ болу керек.
4. Ермексазбен және сазбалшықпен жұмыс істегенде ауызға, мұрынға, құлаққа тиіп кетпеуін қадағалау, бетті, киімді ластаудан сақ болу керек.
5. Балауыз борлармен және пастельмен жұмыс істеу кезінде:
 - оларды ауызға алуға;
 - өзінің немесе көршісінің құлағына, мұрынына, көзіне салуға;
 - оларды сермеуге;
 - сындыруға;
 - оларға арналмаған орынға қоюға;
 - өзінің, көршісінің денесінен немесе киіміне сурет салуға;
 - оларды лақтыруға тыйым салынады.
6. Қылқаламмен және қарындашпен жұмыс істеу кезінде:
 - оларды ауызға алуға;
 - өзінің немесе көршісінің құлағына, мұрынына, көзіне салуға;
 - қылқаламды, қарындашты, фломастерді сермеуге;
 - қылқаламды сындыруға, қылынжұлуға;
 - оларға арналмаған орынға қоюға;
 - өзінің, көршісінің денесінен немесе киіміне сурет салуға;
 - қылқаламдар мен қарындаштарды лақтыруға қатаң тыйым салынады.
7. Қылқаламда немесе қарындашта ақаулар болған жағдайда тәрбиешіге жүгіну.
8. Қарындашпен жұмыс істеп болғаннан кейін оны белгіленген орынға ұшталған жағын жоғары қаратып қою керек.
9. Бояулармен және желіммен жұмыс істегенде олардың көзге, ауызға, мұрынға тиіп кетпеуін қадағалау, бетті, киімді ластаудан сақ болу керек.
10. Қандай да бір ақаулар мен қиындық тартуындаған жағдайда міндетті түрде тәрбиешінің көмегіне жүгіну керек.

БЕЙНЕЛЕУ ӘРЕКЕТІ БОЙЫНША МАТЕРИАЛДАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ КЕЗІНДЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗМІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУЫ БОЙЫНША

11. Тәрбиешінің рұқсатынсыз қайшыныалуға болмайды.
12. Қайшыны оң қолға ұстау керек.
13. Қайшыны ұштарын жоғары қаратып ұстауға тыйым салу.
14. Қайшыны ашық күйде қалдыруға болмайды.
15. Қайшының ұштарын өзіне қарай бұруға болмайды.
16. Балалар бір – бірінен 1 метр қашықтықта отыруы керек.
17. Қайшымен жұмыс істеу кезінде дұрыс қалыпта отыру.
18. Қайшымен жұмыс істеген кезде мұқият және абай болу керек, қайшыны және басқа құралдарды қолға ұстап жүруге болмайды және басқа балаларға кедергі жасамау керек.
19. Жан-жағына алаңдауға және қайшыны сермеуге болмайды.
20. Қайшыны көршісіне ұштарын жауып, дөңгелектері бар жағымен беру керек.
21. Жұмыс аяқталғаннан кейін барлық материалдарды орнына қою.
22. Арнайы киімді шешіп, орнына іліп қою керек.
23. Жұмыс аяқталғаннан кейін қолды мұқият жуу, орамалмен сүрту.
24. Тіпті жеңіл жарақат алған жағдайда да тәрбиешіге айту керек.



Қауіпсіздік ережесі.

- Қағаз қиған кезде қайшыны емес, қағаз парағын жылжыт.
- Қайшының ұшын жоғары қаратып ұстама.
- Қайшыны біреуге бергенде, жабық күйінде бер.
- Желімді аузына салма.
- Жұмыс біткен соң қайшыны арнаулы қорапшаға салып қой.

